

ХАТТАМА 1

Бракераждық комиссия отырысы «2023-2024» оқу жылы тегін тамақты ұйымдастыру»

01.09.2023 ж.

Еркіншілік ауылы
мектебі» КММ
Қатысты: 11
Қатыспады: 0

«Еркіншілік ауылының жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ
Басталды: 15.00
Аяқталды: 16.00

Күн тәртібі:

1. Бракераждық комиссия құрамын құру, бекіту, ережесімен танысу.
(Исатаева Б.Г.)
2. 2023-2024 оқу жылына бракераждық комиссияның жұмыс жоспарын бекіту. (Исатаева Б.Г.)
3. Асхананың дайындығы туралы. (Жаба А.)

Тыңдалды 1-сұрақ бойынша мектеп директоры Исатаева Б.Г. ҚР ДСМ-нің 2009 ж. 18 қыркүйектегі № 611 «Білім беру нысандарына арналған санитарлық-эпидемиялық талаптар» бұйрығын негізге ала отырып, қатысушыларды жана 2023-2024 оқу жылының бракераждық комиссия құрамымен таныстырды.

Комиссия төрайымы мектеп директоры Исатаева Бакит Гапбасовна
Мүшелері:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахан Кайратгул
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Салқынбаева А.А.
3. Координатор Умирзакова С.С.
4. Мектеп медбикесі Жаба Акерке

Ата-ана комитеті мүшелері:

1. Халат Бакытгул
2. Ханай Айгул
3. Тасбулатова Гулбану

Сонымен қатар мектептегі бракераждық комиссия туралы Ережесімен таныстырды. Ереже негізгі 3 тараудан тұрады: жалпы ереже, негізгі міндеттері, жұмыс түрі мен мазмұны.

Тыңдалды 2-сұрақ бойынша Исатаева Бакит Гапбасовна. Ол комиссия мүшелерін 2023-2024 оқу жылына бракераждық комиссияның жұмыс жоспарымен таныстырды.

Комиссия отырысы жылына 4 рет өткізіліп, хаттама жазылады, сынып жетекшілерімен түсіндірме жұмыстар жүргізіледі. Айына 1 рет тамақ өнімдерін жеткізетін транспорт, тағамдарды дайындау және сатып алу мерзімдері бақыланады, ыстық тағам дайындау технологиясы қадағаланады. Күнделікті ас мәзірі қадағаланып, тағам сақталатын

орындарды бақыланады. Жылына 2 рет ата-аналар комитетінің отырыстарында, жиналыстарда тегін тамақ сұрақтары қаралады.

Тыңдалды 3-сұрақ бойынша мектеп медбикесі Жаба Акерке.

Жазғы демалыс кезінде асханаға жаппай жөндеу жұмыстары жүргізілді: төбесі, қабырғалары ақталып, тазартылды. Барлық ыдыс-аяқтар мен қажетті құрал жабдықтар маркаланған. Аспазшылар арнайы медициналық тексерістен өткен. Арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Тағам сактайтын арнайы орындар бар. Ыдыс, қол жуатын орындар бар. Суық су жылытатын құрылғы бар. Жетіспейтін ыдыстарға АББ тапсырыс берілді. Арнайы дезинфекциялық құралдармен қамтылған. Әр күн сайын күнделікті ас мәзірі АББ бекітілген асмәзіріне сәйкес дайындалады. Асхананың дайындығын қанағаттанарлық деп есептеуге болады.

Қабылданған қаулы:

1. Хабарды мәліметке алу.
2. Бракераждық комиссия құрамы бекітілсін.
3. 2023-2024 оқу жылына бракераждық комиссияның іс-шаралар жоспары бекітілсін.
4. Асхананың дайындығы қанағаттанарлық деп есептелініп, оқушылардың сапалы тамақтануын жауаптылар үздіксіз бақылауда ұстасын.

Бракераждық комиссия отырысының төрайымы, мектеп директоры:

Хатшысы:



Исатуева Б.Г.
Жаба Акерке

Исатаева Б.Г.

Жаба Акерке